

Базалық жобалау құжаттарына және әзірлеуді талдауларға тәуелсіз сараптаманы үйымдастыруға және жүргізуге арналған тәуелсіз сараптама операторының шығындарын айқындау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 11 наурыздағы № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 13 наурызда № 20118 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 85 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 03.03.2022 № 85 (07.03.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 140-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Базалық жобалау құжаттарына және әзірлеуді талдауларға тәуелсіз сараптаманы үйымдастыруға және жүргізуге арналған тәуелсіз сараптама операторының шығындарын айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Көмірсүтектер және жер қойнауын пайдалану салаларындағы мемлекеттік бақылау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министрине жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

Н. Ногаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлік
2020 жылғы 11 наурыздағы
№ 92 бұйрығымен бекітілген

Базалық жобалау құжаттарына және әзірлеуді талдауларға тәуелсіз сараптаманы үйымдастыруға және жүргізуге арналған тәуелсіз сараптама операторының шығындарын айқындау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Базалық жобалау құжаттарына және әзірлеуді талдауларға тәуелсіз сараптаманы үйымдастыруға және жүргізуге арналған тәуелсіз сараптама операторының шығындарын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 140-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және базалық жобалау құжаттарына және әзірлеуді талдауларға (бұдан әрі – жобалар) тәуелсіз сараптаманы үйымдастыруға және жүргізуге арналған тәуелсіз сараптама операторының шығындарын айқындау тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) базалық жобалау құжаттарына және әзірлеуді талдауларға тәуелсіз сараптама жүргізу операторы (бұдан әрі – Оператор) – дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайзы мемлекетке тиесілі заңды тұлға болып табылады, ал акциялардың (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады;

2) тәуелсіз сараптама – ғылыми негізделген әдістемелерді қолдануға негізделген, геология және игеру саласында арнайы білімі бар және сараптама нәтижелеріне мүдделі емес білікті сарапшылар жүргізетін тәуелсіз зерттеу.

2. Базалық жобалау құжаттарына және әзірлеуді талдауларға тәуелсіз сараптаманы үйымдастыруға және жүргізуге арналған тәуелсіз сараптама операторының шығындарын айқындау тәртібі

3. Оператордың жобаларға тәуелсіз сараптаманы үйымдастыруға және жүргізуге арналған шығындары мынадай формула бойынша айқындалады:

S=Cd*We

мұнда:

S – қосылған құн салығын ескере отырып, жобаларға тәуелсіз сараптаманы үйымдастыруға және жүргізуге арналған шығындар;

Cd – қосылған құн салығын ескере отырып, жобаларға тәуелсіз сараптама жүргізудің бір күнінің құны;

We – осы Қағидаларға қосымшада келтірілген жобаларға тәуелсіз сараптаманы үйымдастыруға және жүргізуге жұмсалған жұмыс күндер шкаласына және Кодекстің 140-бабының 4-тармағына сәйкес есепті кезеңге бір жылдағы жұмыс күндерінің саны.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 07.10.2020 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Жобаларға тәуелсіз сараптама жүргізудің бір күнінің құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C_d = \frac{E}{IS * W_y} * (K_p - 1)$$

мұнда:

E – есепті қаржы жылына арналған Оператордың даму жоспарында ескерілген, жобаларға тәуелсіз сараптаманы үйымдастыруға байланысты жоспарлы шығыстар. Оператордың даму жоспарын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18328 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының 10-тармағына сәйкес Директорлар кеңесі бекітеді;

IS – Оператордың жұмылдырылған мамандарының саны, адам;

Wy – 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 68-бабына сәйкес есепті қаржы жылына жобаларға сараптаманы үйымдастыруға және жүргізуге жұмсалған жұмыс күндері (ағымдағы жылға арналған жұмыс уақытының балансы);

Kр – кірістілік коэффициенті.

Кірістілік коэффициенті мынадай формула бойынша анықталады:

$$K_p = P_p / E$$

мұнда:

Рр – есепті қаржы жылына арналған Оператордың даму жоспарында ескерілген жобаларға тәуелсіз сараптаманы ұйымдастыруға және жүргізуге байланысты жоспарлы кірістер.

Ескеरту. 4-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 07.10.2020 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Базалық жобалау құжаттарына және
әзірлеуді талдауларға тәуелсіз
сараптаманы ұйымдастыруға және
жүргізуге арналған тәуелсіз сараптама
операторының шығындарын айқындау
қағидаларына қосымша

Жобаларға тәуелсіз сараптаманы ұйымдастыруға және жүргізуге жұмсалған күндер шкаласы

Санаты	Сипаттамасы	Тәуелсіз сарапшылар саны	Жұмыс күндері
I	Бастапқы геологиялық қорлары 100 млн. тоннадан астам мұнай немесе 50 млрд. м3 астам газ кен орнының жобалары	Сарапшы 1	62
		Сарапшы 2	62
		Сарапшы 3	62
		БАРЛЫҒЫ	186
II	Бастапқы геологиялық қорлары 50-ден 100 млн. тоннаға дейін мұнай немесе 30-дан 50 млрд. м3 дейін газ кен орнының жобалары	Сарапшы 1	51
		Сарапшы 2	51
		Сарапшы 3	51
		БАРЛЫҒЫ	153
III	Бастапқы геологиялық қорлары 50 млн. тоннадан кем мұнай немесе 30 млрд. м3 кем газ кен орнының жобалары	Сарапшы 1	41
		Сарапшы 2	41
		Сарапшы 3	41
		БАРЛЫҒЫ	123
IV	Барлау жұмыстарының жобасы	Сарапшы 1	41
		Сарапшы 2	41
		Сарапшы 3	41
		БАРЛЫҒЫ	123

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК